

**Төлеби ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 539 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 5 қаңтарда N 14-13-82 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 63 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2012.02.13 № 63 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5 және 5-6 тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төлеби ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Төлеби аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Қ.Мұздыбаев) осы қаулының 1-тармағына сәйкес бос жұмыс орындарына бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жолдамамен жіберуді жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Пернебековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә.Тұрғымбеков*

